

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**  
**Бәрімбек Бейсенов атындағы**  
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

*әскери және арнайы тактикалық даярлық кафедрасы*

**Д Ә Р І С**

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні бойынша күндізгі оқу факультетінің тыңдаушыларына арналған.

***Тақырып 1. Тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қазіргі заманғы мемлекеттің рөлі. Тіршілік қауіпсіздігін ұйымдастыру мен құқықтық негіздері.***

**Дайындаған:**  
кафедраның аға оқытушысы  
полиция подполковнигі  
**ҚОЖАМЖАРОВ Н.Ж.**

**Оқулық мақсаттары:**

1. Тыңдаушыларды тіршілік қауіпсіздік негіздерімен, мақсатымен және құралдарымен таныстыру.
2. Тыңдаушыларды мемлекет жүйесіндегі төтенше жағдайдың алдын алу жолында атқаратын іс-әрекеттерін түсіндіру .
3. Қазақстан Республикасы төтенше жағдай министрлігінің құрылу мақсатын және территориялық органдарының құрлысымен таныстыру.

***Дәріс жоспары:***

Кіріспе.

1. Тіршілік қауіпсіздігі курсының мақсаты және құралы.
2. Төтенше жағдайдың алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жүйесі.
3. Қазақстан Республикасындағы Төтенше Жағдай министірлігі, оның құрылу мақсаты, құрамы және құрылымдық территориялық органдары.

**Уақыты** – 2 сағат.

**Өткізілетін орны** – дәріс залы.

***Әдебиеттер:***

1. 1995жылғы 30тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы //ЖК
2. 15.10.93 ж. «Төтенше жағдайындағы құқықтық режим туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
3. 06.96 ж. «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
- 22.11.1996 ж. «Өрт қауіпсіздігі туралы» заң.
4. 23.03.1997 ж. «Апаттағы құтқару қызметтері мен құтқарушылар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
5. 07.05.1997 ж. «Азаматтық қорғаныс туралы» заң.
6. 23.04.1998 ж. «Халықтық радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
7. 08.02.03 ж. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
8. 2012 жылғы 27 қаңтарда болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. «Егемен Қазақстан» № 41-42 (27114) 2012 жылғы. 28 қаңтар.

## КІРІСПЕ

Күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарының басылым беттерінде түрлі елдерде болып жатқан апаттар: жер сілкіністері, селдер, опырылымдар, су тасқындары, дауылдар, орман өрттері шаққы дауылдар, құрғақшылықтар және адамдардың өлім-жітіміне, қалалар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың қирауына, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануының әсерінен табиғаттағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соғатын басқа да қияпаттар жайлы хабарланып жатады.

Табиғи катаклизмдер мен тілсіз қияпаттардың алапатты салдарынан адам өміріне зор қауіп төндіреді, сондықтан да адамды өмір сүру ортасындағы түрлі қауіп-қатерден қорғау проблемасы ата-бабаларымыз жер бетінде тіршілік ете бастағаннан-ақ пайда болды. Адамзат ғұмырының алғашқы кезеңдерінде мұндай қауіп-қатер табиғат құбылыстарының қиратушы күшінен, сондай-ақ лаңкес әлем өкілдерінен төнетін қауіптер, уақыт өте келе адамның өз ықпалы мен жасалатын қауіп-қатерлер, олар: жол-көлік апаттары, өнеркәсіптер мен тұрғын үйлердегі жарылыстар мен өрттер, химиялық қосылыстармен уланулар, ішімдік ішіп, шылым шегіп, электр тоғынан зардап шегу, ионды сәуле шығарудан сәулелену және тағы басқа көптеген қатерлер пайда болды.

Ғылым мен техниканың дамуы, бір жағынан, апаттар мен тілсіз қияпаттардың салдарын жою тәсілдері мен құралдарын жетілдіруге ықпалын тигізсе, екінші жағынан, жекелеген энергетикалық кешендерде потенциалды энергияның аса көп жинақталуынан, қозғалыс жылдамдығының артуынан және басқа да себептерден апаттар мен алапаттар санының шамадан тыс көбне алып келеді.

Табиғаттың тілсіз қияпат күштері адамға бағынбайды және оларды тек кейбір жағдайларда ғана алдын ала болжауға болады деіік, адамның өзінің себептерлігінен туындайтын төтенше жағдайларда, ғимараттарды, технологиялық дамуларды, машиналар мен құрал-жабдықтарды жобалап, пайдалануға беруде жан-жақты ойластыру арқылы болдырмауға болады.

Мысалы, қоршаған ортаға зиянды өнеркәсіп қалдықтарының бей-берекет тасталуымен аяусыз күресе отырып біз табиғаттағы экологиялық тепе-теңдіктің сақталуына ықпалымызды тигіземіз немесе табиғат аясында демалуға барғанда өрт қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып орман мен дала өрттерінің туындруының алдын аламыз.

Тілсіз қияпаттардың бұзып-қиратушы күштері зор болғанымен, шектеусіз емес, сондықтан да (оларды) алдын ала болжауға және дер кезінде қорғануға қатысты сәйкес шаралар қабылдаған жағдайда оларды болдырмауға, алдын алуға және салдарын барынша азайтуға болады.

Адам өмірінің мәні өз игілігі үшін, қоғам игілігі үшін белгілі бір іс-әрекетпен айналысуында жатыр, сонымен, іс-әрекет –бұл адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Бірақ кез келген іс-әрекет түрлі қауіп-қатермен: табиғи, техногенді, антропогенді, биологиялық, әлеуметтік қатерлермен қосарланады. Сондықтан адам әрекетінің қауіпсіздігі адамзаттың ерте заманнан қазіргі күнге дейінгі тіршілік етуінің маңызды жағы болып табылады. Адам әрдайым өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылған, ұмтыла береді де, өнеркәсіптің дамуына орай қауіпсіздік проблемасын одан әрі өткірлене түсті, қазіргі таңда оның көптеген міндеттерін шешу үшін арнайы білім кешені қажет болып отыр.

Адам өмірі мен еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мәселесінің ғалымдарды көптен ойландырғандығын айта кеткен жөн, тек солардың күш-жігерінің арқасында адамзатты бүгінгі таңдағы қауіп-қатерден қорғаудың құралдары мен әдістерін жасаудың ғылыми алғы шарттары құрылды.

Осындай қауіп-қатерлер мен адамның одан қорғану шараларын зерттейтін кешенді ғылыми пән «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» болып табылады.

## **1. Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері курсының мақсаты және құралы.**

Тіршілік әрекеті-адам ағзасында жүретін күрделі биологиялық үрдіс, ол адамның денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігінің сақталуына мүмкіндік береді. Биологиялық үрдістің жүруінің қажетті әрі міндетті шарты әрекет болып табылады. «Әрекет» сөзі қоғамдық субъект «адамның» тіршілік етуіндегі жан-жақты үрдістерді, жекелеген қажеттіліктеріне, мақсаттары мен міндеттеріне орай табиғи және әлеуметтік нақтылықтарды өзгерту үрдістерін білдіреді.

Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі адамның адамзат әрекетінің барлық қалалардағы қауіпті және зиянды факторлардан қорғану, тіршілік ету ортасында қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау теориясы мен тәжірибелік практикасын қамтитын ғылыми білімдер саласын білдіреді ТҚН пәні зерттейді:

- Тіршілік ету ортасының жағымсыз салдарының сәйкестенуін (айықтап, сандық тұрғыдан бағалауды);
- Адамның қауіп-қатерден қорғануын немесе қандай да бір жағымсыз факторлар әсерінің алдын алуды;
- Қауіпті және зиянды факторлар әсерінің жағымсыз салдарын жоюды;
- Адамның қалыпты, яғни қолайлы тіршілік ету ортасын тудыруды.

Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің жиынтық көрсеткіші адам өмірінің ұзақтығы болып табылады. Антропогенездің бастапқы кезеңдерінде (алғашқы қауымдық құрылыс адамы үшін) ол шамамен 25 жасты құрады. Адамға негізінен табиғи сипаттағы қауіптер: климаттық жағдайларға тәуелділігі, тағамында белоктың жетіспеуі т.б. әсерін тигізді.

Астарынан біз ғылымның, техниканың, экономиканың ілгерлемеленуін, ауыл шаруашылығының индустриялануын, энергияның тіпті ядролыққа дейінгі түрлерін пайдалануды, машиналардың, механизмдердің жасалуын, түрлі тыңайтқыштар мен зиянкестерге қарсы заттарды пайдалануды ұғынатын өркениеттің дамуы адамға жағымсыз әсерін тигізетін зиянды факторлардың санын едәуір арттырды. Адамның тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің маңызды элементі оны осы факторлардан қорғау болып табылады.

Адамзат популяциясы тіршілік жасай бастағаннан экономиканы дамыта отырып, қауіпсіздігінің әлеуметтік-экономикалық жүйесін де жасады. Осы себепті зиянды әсерлер санының артуына қарамастан, адамның қауіпсіздік деңгейі өсті. Қазіргі кезде дамыған елдердегі адамдардың орташа өмір сүру ұзақтығы шамамен 77 жасты құрайды. Қазақстанда ер адамдардың өмір сүру ұзақтығы 60, әйелдердіні – 65 жасты құрайды.

Зандылықтары әлі толық танылып бітпеген табиғат шырқын бұзып, жаңа технологияларды жасай отырып адамдар жасанды тіршілік ету ортасын-техносфераны құрайды. Егер өркениеттің өнегелі және жалпы мәдени дамуының ғылыми-техникалық ілгерілеу қарқынынан артта қалып отыратындығын ескерсек, қазіргі кезде адам өмірі мен денсаулығына төнетін қатердің арта түскені айқын көрініс береді. Мысалы, Бүкіл Дүние Ұйымы мәліметтері бойынша, адамдардың қайғылы жағдайлардан қаза болуы жүрек-қантамыры және онкологиялық аурулардан кейін үшінші орынды алып тұр. Қайғылы жағдайлардан еңбекке қабілетті, жас адамдар қаза болуда: 2 жастан 41 жасқа дейінгі адамдардың өлімінің себепкері жарақаттану болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жылы 7 мамырда қол қойған Заңының 3 бабына (негізгі міндеттері) сәйкес төтенше жағдайларда (ТЖ) Азаматтық қорғаныс мәселелері бойынша әрекеттерге әзірлену Қазақстан Республикасының азаматтары үшін міндетті болып табылады және сәйкес оқу Бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Аталмыш пәннің рөлі қазергі кезде күрт артып отыр, себебі, әлемдік өркениеттің қарқынды дамуына, табиғаттағы өзгерістерге (климаттық, геофизикалық үрдістердің мұздықтардың еруіне) орай табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ саны артып отыр.

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсының мақсаты – Қазақстан Республикасының ИМ болашақ мамандарына түрлі ТЖ әрекет жасауға қажетті теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды үйрету.

Оқытудың міндеттері Қазақстан Республикасының ПМ ЖОО тыңдаушыларын ТЖ қорғану тәсілдерін жоспарлау ретіне, құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру негіздеріне (ТжБШЖ), ҚР АҚ және ҚР ПМ АҚ ұйымдастыру және жұмыс жасауға үйрету, адамдардың жарақат алуының негізгі белгілерін айыра білуге, дәрігерлікке дейінгі шұғыл көмек көрсету реті мен жүйесін білуге үйрету болып табылады.

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» курсы адам ағзасы мен оның тіршілік ету ортасының күрделі байланыстарын танып-білуді қарастырады. «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» пәні Қазақстан Республикасы АҚ мақсаттары мен міндеттерін, жұмысын жоспарлау реті мен әдістерін, аса улы заттарды қолданғанда (АУЗ) зақымданатын негізгі ошақтарды, жаппай зақымдау қаруларын (ЖЗҚ), ТЖ-да жағдайды барлау ретін, тыныс алу мүшелері мен теріні қорғау құралдарын, барлау мен бақылау жасаудың дозиметірлік приборларын пайдалана білуді, толық санитарлық өңдеу жасау реті мен жүйесін білуді т.б. қарастырады.

«Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» оқып-үйренушілерді өзінің және маңайындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, қауіп-қатерлерді танып-біліп, бағалауға, олардан қорғана білу тәсілдеріне, өзіне және өзгелерге көмек көрсете алуға, сондай-ақ адам әрекетіндегі кез келген қауіптің салдарын жоюға үйретеді.

Осылардың нәтижесінде оқушылардың қоршаған ортадағы қауіп-қатер жайлы білімдері жүйеленіп, олар қауіпсіз әрекет жасауды үйренуі тиіс.

ТҚН курсы Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 30 қыркүйектегі № 969 «ТЖ алдын алу және әрекет жасауға халықты үйрету мен мамандар даярлау жүйесін құру шаралары туралы» Қаулысының, ҚР Білім министрі мен ҚР Азаматтық қорғаныс Штабы Бастығының 1994 ж. 10 ақпандағы біріккен № 46/27 Бұйрығының 021640 (юриспруденция) мамандағы бойынша жоғары арнайы білімнің Мемлекеттік Жалпыға бірдей Стандартының және ҚР ПМ оқу орындары үшін типтік және жұмыстық оқу бағдарламаларын жасау бойынша әдістемелік нұсқаулардың негізінде оқу үрдісіне енгізілді.

«ТҚН» курсының оқыту «Әскери топография», «Криминалистика», «Сот медицинасы», «Арнайы тактика», «Жедел-іздігіру әрекеті», «Жалпы тактика» тәрізді пәндермен тығыз байланысты.

## **2. Төтенше жағдайдың алдын алу мен ондағы іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жүйесі.**

Мемлекеттік негізгі қауіпсіздік объектілері – адам- оның құқықтары мен бостандықтары; қоғам-оның материалдық және рухани байлықтары; мемлекеттік – оның Конституциялық құрылымы, егемендігі мен территориялық тұтастығы болып табылады.

Мемлекет қауіпсіздік саласындағы өз функцияларын заң шығарушы, атқарушы, сот билігі органдары арқылы жүзеге асырады.

Азаматтар, қоғамдық немесе басқа да ұйымдар мен бірлестіктер қауіпсіздік субъектілері болып табылады. Олар ҚР заңдары мен нормативті актілеріне сәйкес қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге қатысуда белгілі бір құқықтар мен міндеттерге ие:

Қазақстан Республикасы Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз.

- «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңының; 23.03.1997 ж.
- «Апаттан құтқару қызметі және құтқарушылар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңының; 15.10.1993 ж.
- «Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы Қазақстан Республикасының заңының; 07.05.1997 ж.
- «Азаматтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының заңының; 22.11.1996 ж.
- «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңының; 23.04.1998 ж.
- «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының заңының және Қазақстан Республикасының басқа да



нормативті құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес азаматтардың, ұйымдар мен бірлестіктердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді.

Табиғи және техногендік төтенше жағдайларда халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін қорғаудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

халыққа және ұйымдарға болжанған және туындаған төтенше жағдайлар, олардың алдын алу және жою шаралары жөнінде жарияланып, хабарлануы;

егер ТЖ айтарлықтай қауіп төндіретін болса, ұйымдар мен азаматтардың әрекетіне қатерлілігі мен зияндалығы дәрежесін дер кезінде анықтап, халықты төтенше жағдайлардан қорғану әдістеріне және олардың алдын алу шараларын жүзеге асыруға үйрету;

төтенше жағдайларды жоюға қатысты құтқару, апатты қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу міндеттілігі, халыққа және зардап шеккен жұмыскерлерге шұғыл медициналық көмек көрсету, әлеуметтік қорғау, төтенше жағдайлар салдарынан азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық объектілеріне келтірілген зардаптың орнын толтыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметі табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында:

бір мемлекеттік саясат бағыттарын, оны жүзеге асырудың стратегиялық және тәсілдік тактикалық шараларын әзірлеуде;

мемлекеттік бағдарламалар әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне ұсынады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін мемлекеттік ұйымдар мен орталық атқарушы органдардың, министрліктердің, жергілікті атқарушы органдардың қызметін басқаруын, олардың Президенттің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарын, актілерін орындауын қамтамасыз етеді;

Халықтың, табиғи орта мен шаруашылық объектілерінің төтенше жағдайлардан қорғалуы жайлы мемлееттік баяндамаларды қарастырып, бекітеді;

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органы туралы ережені бекітеді;

Төтенше жағдайлар жөніндегі ведомствоаралық мемлекеттік комиссияларды құрып, олар жайлы ережені бекітеді;

Төтенше жағдайларды аймақтыққа немесе мемлекетке жатқызып, олардың таралу ауқымы мен зоналарын анықтайды;

Төтенше жағдайларды бақылау және болжау, шұғыл медициналық қызмет көрсету қызметтерін, апаттан құтқару қызметін, төтенше жағдайлар бойынша республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін ұйымдастырады;

Төтенше жағдайлар саласында халықты және мамандарды, үгіт - насихат жүргізу, үйрету ретін айқындайды;

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөнінде мемлекеттік экспертиза мен мемлекеттік сараптаманы ұйымдастырады, олардың төтенше жағдайлар саласындағы қызметі мен мемлекеттік есебінің ретін анықтайды;

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша шараларды республикалық бюджет есебінен қаржыландыру ретін, мемлекеттік резервтер, материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстар қорын құру ретін айқындап, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін оларды бөледі;

Төтенше жағдайларды жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаржы бөледі;

Қорғану шараларын, құтқару, апатты қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу ретін, көліктерді, әскери күштерді, басқа да әскери құрылымдарды жұмылдыру ретін айқындап, төтенше жағдайларды жойғаннан кейін қоршаған ортаны салауаттандыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық әрекетін қалпына келтіру шараларын жүзеге асырады;

Төтенше жағдайлардан зардап шеккен азаматтар мен жұмыскерлерді әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі мен шарттарын, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық объектілеріне келтірілген зардап орнын толтыру ретін анықтайды;

Халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырып, шетелдік ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы территориясындағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға қатысты әрекеттерінің ретін айқындайды.

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органы табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы арнайы өкілетті мемлекеттік орган болып табылады және оның өзіне ведомстволық бағынышты территориялық органдары болады.

Қазақстан Республикасының үкіметінің құрамына енбейтін министрліктер, мемлекеттік комитеттер және басқа да орталық атқарушы органдар өз құзырларының шеңберінде:

ТЖ алдын алу және жою бойынша шараларды ұйымдастырады;

ТЖ саласындағы нормативтерді, стандарттар мен ережелерді бекітіп, келісімге келеді, мемлекеттік есеп жүргізеді және оның мағлыматтарын Қазақстан Республикасының ТЖ жөніндегі орталық атқарушы органына ұсынады;

ТЖ жөнінде салалық комиссиялар құрып, олардың жұмыс жасауын қамтамасыз етеді;

өздеріне бағынышты ТЖ бақылау және болжау қызметтерін басқарады;

ТЖ саласында салалық мемлекеттік экспертиза жүргізіп, ғылыми зерттеулер жүргізуді, үгіт-насихат жүргізуді, халықты және мамандарды үйретуді ұйымдастырады;

Қалалық мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ұйымдастырады, өз міндеттеріне орай жергілікті атқарушы органдарға, ұйымдар мен азаматтарға жазбаша өкім береді, ТЖ туындауына себепті болған апаттардың, қияпаттар мен алапаттардың тексерілуіне қатысады, белгіленген ретпен лауазымды тұлғаларды, азаматтар мен ұйымдарды жауапқа тартады;

ТЖ саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысады.

Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын алып, жоюға жауапты жергілікті өкілетті және атқарушы органдар:

жергілікті атқарушы органдар мен ұйым басшыларының ТЖ алдын алу мен жою шаралары жөніндегі есебін тыңдайды;

ТЖ алдын алу мен жоюдың жергілікті қорларын, сондай-ақ материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың жергілікті қорларын құру жөнінде шешім қабылдайды;

ТЖ туындағанда, олардың алдын алып, жоюда қоғамдық тәртіп мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершілік тарту қарастырылған міндетті ережелерін қабылдауға құқылы. Міндетті ережелер ҚР заңдарына қайшы келмеуі тиіс және бірден өз күшіне енеді.

ТЖ саласындағы жергілікті атқарушы органдар:

ТЖ алдын алу мен жою шараларын ұйымдастырады;

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады, ТЖ туындауына себепші болған апаттардың, қияпаттар мен алапаттардың тексерілуіне қатысады, белгіленген ретпен лауазымды тұлғаларды, азаматтар мен ұйымдарды жауапқа тартады;

ТЖ объектілікке және жергілікке жатқызады, осы ТЖ таралу ауқымы мен зоналарын айқындайды;

Халықты және ұйымдарды ТЖ алдын алу мен жоюдағы қажетті қауіпсіздік шараларынан хабардар етеді;

ТЖ алдын алу мен жою шараларын жергілікті қорлардан қаржыландыруды жүзеге асырады, материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың жергілікті қорларын құрып, пайдаланады;

ТЖ жоюда меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, заңға сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

өз құзырының шеңберінде ТЖ салдарынан зардап шеккен халықтың және жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, азаматтардың денсаулығы мен мүлкіне, қоршаған орта мен шаруашылық объектілеріне келтірілген шығындардың орнын толтыруды, медициналық қызмет көрсетуді, ТЖ зоналарында тұрып, жұмыс істегені үшін өтемақы мен жеңілдіктер алуды қамтамасыз етеді;

ТЖ жойғаннан кейін қоршаған ортаны салауаттандыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру шараларын жүзеге асырады.

Азаматтық қорғаныс күштері әскери бөлімшелер, территориялық және ведомстволық әскерилендірілмеген құрылымдар, арнайы апаттан құтқару қызметі түрлерінде табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою шараларына заңға орай ат салысады.

Ұйымдар меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласында міндетті:

өз қызметінің тұрақтылығын арттыру мен қызметкерлері мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жоспарлап, өткізуге;

қызметкерлері мен халықты төтенше жағдай қауіпінің төнгендігі немесе туындағандығы жайлы белгіленген ретпен хабарландыруға;

қызметкерлерін әскерилендірілмеген құрылым құрамында төтенше жағдайлардан қорғану және әрекет жасау әдістеріне үйретуге, төтенше жағдайлардан құлақтандыратын жергілікті жүйені құрып, үнемі әзірлікте ұстауға;

ведомствоға қарасты өндірістік және әлеуметтік объектілер мен оған жақын аумақта белгіленген жоспарға сәйкес төтенше жағдайларды жоюға қатысты қорғаныс шараларын, құтқару, апатты қалпына келтіру және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге;

жаңда қарастырылған реттермен төтенше жағдайлар салдарынан қызметкерлер мен басқа да азаматтарға келтірілген зардаптың орнын

толтыруды қамтамасыз етуге, төтенше жағдай жойылғаннан кейін қоршаған ортаны салауаттандыру, ұйымдар мен азаматтардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру шараларын жүргізуге.

**Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тізім бойынша  
қызметтері төтенше жағдайлар тудыру қауіпін арттыратын ұйымдар  
міндетті:**

- қаржылық және материалдық ресурстар резервтерін жасауға;
- төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға қажетті күштер мен құралдардың даярланып, әзірлікте тұруын қамтамасыз етуге;
- ұйым басшылары төтенше жағдайларды алдын алу мен жою шараларын атқару үшін, міндетті күші бар арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың жазбаша үкімдерін орындау үшін дербес жауапкер болады.

Қоғамдық бірлестіктер табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алып, жоюға, халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін Қазақстан Республикасының заңдарына және жарғыларына сәйкес одан қорғауға ат салыса алады.

Төтенше жағдайларды жоюға қоғамдық бірлестіктерден қатысушылар ТЖ жөніндегі министрлігі жанындағы орталық және облыстық оқу курстарында арнайы даярлықтан өтуі тиіс.

**3. Қазақстан Республикасындағы Төтенше Жағдай  
министрлігі, оның құрылу мақсаты, құрамы және құрылымдық  
территориялық органдары.**

ТЖ жөніндегі министрлігі Қазақстан Республикасының үкіметінің құрамына енбейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

**ТЖ жөніндегі министрлігі:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен ғылыми мекемелердің табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметін үйлестіреді;

Төтенше жағдайлар саласында нормативтерді, стандарттар мен ережелерді бекітеді немесе келіседі, мемлекет есеп жүргізеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін төтенше жағдайлардан қорғау жайы туралы мемлекеттік баяндамалар әзірлеп, ұсынады;

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою шараларына азаматтық қорғаныс күштерінің, өзіне бағынышты бақылау және болжау қызметтерінің, төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпаратты басқару жүйесінің қатысуы арқылы басқарады;

Төтенше жағдайлар саласында мемлекеттік экспертизаны басқарады, қажет болған жағдайда халықаралық эксперттік ұйымдарды тарту арқылы тәуелсіз экспертиза жасауды ұйымдастырады;

Төтенше жағдайлар жөніндегі ақпараттың ашық жария болуын қамтамасыз етеді;

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою шараларын бөлінген қаржы шегінде республикалық бюджеттен қаржыландыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Үкіметіне мемлекеттік және мобилизациялық резервтегі материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың қорларын пайдалану, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан қаржыны пайдалану жөнінде ұсыныстар түсіреді;

Төтенше жағдайлар саласында ғылыми зерттеулерді, үгіт - насихат, жүргізуді, халық пен мамандарды үйретуді ұйымдастырады;

Төтенше жағдайларды жою барысында құтқару және апатты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін субъектілерді аттестаттаудан өткізіп, оларға лицензия береді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен орталық атқарушы органдарға, жергілікті атқарушы органдарға, ұйымдар мен азаматтарға табиғи және техногенді

сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөнінде міндетті күші бар жазбаша өкімдер береді;

Төтенше жағдайдың туындауына себепті болған апаттардың, ұйыпаттар мен алапаттардың тексерілуі, белгіленген ретпен лауазымды тұлғаларды, азаматтар мен ұйымдарды жауапқа тарту үшін материалдар береді;

Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен аймақтық және төтенше ғаламдық жағдайларды жоюға тікелей басшылық жасайды;

Төтенше жағдайларды жоюда меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, заңға сәйкес ұйымдардың материалдық-техникалық ресурстарын жұмылдырады;

Қазақстан Республикасының территориясында төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюда халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қызметін қамтамасыз етеді, гуманитарлық акцияларды ұйымдастырады.

**Министрлігінің стратегиялық басымдылығы болып табылады:**

мемлекет саясатына сәйкес табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын алу мен жою саласында реформалар мен құрылымдық қайта құрулар жүргізу;

табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ саласында жағдайлар мен құбылыстарға кешенді бақылау жасау;

өнеркәсіптік өндірістер мен аса қауіпті объектілердің қауіпсіз жұмыс жасауының қамтамасыз етілуіне бақылау жасау.

**Министрлігінің негізгі міндеттері:**

табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ алдын алу мен жою саласындағы мемлекеттік саясаттың жүргізіліп, жүзеге асырылуына ат салысу. Елдің ауматтық қорғанысына, өрт қауіпсіздігіне, өнеркәсіпте жұмыстың қауіпсіз жүргізілуіне бақылау жасау;

ТЖ алдын алу мен жоюда Мемлекеттің жүйесінің жұмыс жасап, одан әрі дамуын қамтамасыз ету;

Табиғи және техногенді ТЖ саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру, үгіт-насихат жүргізу, халықты және мамандарды үйрету;



Азаматтық қорғаныс міндеттерін шешуге бағытталған мақсатты бағдарламалардың әзірленіп, орындалуын ұйымдастыру;

өрттердің алдын алуды ұйымдастыру.

Министрлік пен оның территориялық органдары ТЖМЖ құрайды (төтенше жағдайлардың Мемлекеттік жүйесін).

Министрліктің орталық аппараты департаменттер мен құрылымдық бөлімшелерден құралады. Департаменттер тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Департаментті Министрлік Төрағасы тағайындаған директор басқарады.

**Министрлік құрамына кіреді:**

ТЖ алдын алу департаменті;

Жедел көмек көрсету және АҚ департаменті;

ТЖ мемлекеттік бақылау жасау, техникалық және тау-кенге бақылау жасау департаменті;

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті.

Министрлік Төрағасы басқарады, оның үш орынбасары, оның ішінде біреуі бірінші орынбасары болады.

**Төраға:**

Министрліктің, оның территориялық органдарының қызметін, АҚ бөлімдерін, мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін басқарады;

лауазымды бойынша Қазақстан Республикасының АҚ Бастығының орынбасары болып табылады;

ведомствоаралық мемлекеттік комиссияның, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссияның, Республикалық төтенше эпидемияға қарсы комиссияның және жарылыс істері жөніндегі ведомствоаралық кеңестің төрағасы болып табылады.

Министрлік территориялық органдарының басшыларын, олардың орынбасарларын (территория бойынша бас мемлекеттік инспекторларды) Министрлік Төрағасы сәйкес әкімшілік-территориялық бірліктер әкімдерімен келісе отырып тағайындайды.

**Министрлік құрамында:** Төраға, төраға орынбасарлары, департамент директорлары, сондай-ақ министрлік пен өкілдерге қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері бар арқылы құрылады.

Министрлік құзырына жататын маңызды мәселелер бойынша ұсыныстарды даярлап, қарастыру үшін министрлік жанынан ғылыми-техникалық кеңес құрылып, оның құрамына мүдделі министрліктердің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ғылыми ұйымдардың, қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

### **Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы**

Адам өмірінің өз игілігі үшін, қоғам игілігі үшін белгілі бір іс әрекетпен айналысуда жатыр, сонымен, іс әрекет бұл адамзат қоғамның өмір сүруінің қажетті шарты. Адам әрдайым өз қауыпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылған, ұмтыла береді де, өнеркәсіптің дамуына қарай қауіпсіздік мәселесін одан әрі дымыта түсті, қазіргі таңда оның көптеген міндеттерін шешу үшін арнайы білім кешені қажет болып отыр.

**Дайндаған:**

**Кафедраның аға оқытушысы  
полиция подполковнигі**

**Н.Ж.Қожамжаров**

ПӘС және кафедра мәжілісінде талқыланып мақұлданды.

2012жылғы. « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Хаттама